

Алға ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2025 жылғы 31 қазандағы № 327 шешімі. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы № 348 шешімен

Ескерту. Жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 28.11.2025 № 348 шешімімен (қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 726-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алға ауданында арнаулы салық режимін оңайлатылған декларация негізінде қолданған кезде, салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салық кезеңі үшін өз бетінше мөлшерлемені қолдану арқылы есептейтін, төлем көзінен ұсталған салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Алға аудандық
мәслихатының төрағасы*

М. Тулеуов